

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Күршім ауданының Күршім ауылдық округіне қарасты Мальковое ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Күршім ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 9 шілдедегі № 8 шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 10 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 5-14-192 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Күршім аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2018 жылғы 27 қарашадағы № 1302 ұсынысы негізінде, Күршім ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Күршім ауданының Күршім ауылдық округіне қарасты Мальковое ауылындағы ірі қара мүйізді малына сарып ауыруынан Республикалық бюджеті есебінен жүргізілген сауықтыру жұмыстары қанағаттанарлық нәтиже көрсетуіне байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Күршім ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 09 шілдедегі "Күршім ауданының Күршім ауылдық округіне қарасты Мальковое ауылында шектеу іс-шарааларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2018 жылғы 12 шілдеде № 5-14-169 болып тіркелінген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 19 шілде 2018 жылды жарияланған) № 8 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Күршім ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заннамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Этalonдық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның қөшірмесін Құршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Құршім ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Құршім ауылдық округінің әкімі

С. Дұзбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК